

И. Абдрахманова, 3-курс

**Ғылыми жетекшісі: Ө. А. Тұрғанов, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенев атындағы Қарағанды академиясы)**

ӨЛІМ ЖАЗАСЫ

Өлім жазасы — ҚР қылмыстық кодексінде көрсетілген жазалардың ішіндегі ең ауыр жаза болып табылады. Шыңғысхан әскерінде бір адам шайқас кезінде шегінсе немесе қашса құрамына сол жауынгер кіретін бір ондық түгел өлтірілген. Ислам елдерінде кісі өлтірушілер, зинақорлар осы жазаға кесілді. 20 ғасырдың 2-жартысында адам қоғамын ізгілендіру ағымының күш алуы нәтижесінде өлім жазасын жоюға бағытталған халықаралық шаралар іске асырыла бастады. Еуропа Кеңесі Адам құқықтары мен бостандығын қорғау туралы конвенцияға қосымша 1983 жылғы 28 сәуірде өлім жазасын жою туралы №6 хаттама қабылдады. БҰҰ Бас Ассамблеясы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге қосымша 1989 жылы 15 желтоқсанда өлім жазасын жою туралы екінші қосымша хаттама қабылдап, әлем елдерін сол хаттамаға қол қойып, қосылуға шақырды¹.

Қазіргі кезде өлім жазасы тақырыбы барлық әлемді толғандырады. Біз, өлім жазасын қолдану керек деген пікірдеміз. Бірақ тек қана кейбір қылмыс түрлеріне: адам өлтіру, адамдарды зорлық-зомбылықпен қинап өлтіру, кәмелетке толмаған балаларды зорлау т. б.

Қоғамда әртүрлі пікірлер айтылады солардың барлығын алып қарасақ көбі өлім жазасын қолдайды. «Қазіргі уақытта өлім жазасының қайта қаралып жатуының өзі оның қоғам үшін маңыздылығының көрсеткіші. Ата-бабаларымыздың өзі «қанға—қан, жанға—жан», — деген қанды кек қағидасы бойынша жазалауды пайдаланған. Адам бірденеден қорықса ғана одан сескеніп, тәртіпке келеді. Көбінесе өлім жазасына кесілген жандар өлім жазасын өмірлік түрмеде отыру жазасымен ауыстыруды өтініп, Елбасыға хат жазып жатады. Бұл — олардың аталмыш ауыр жазадан қорыққанының айғағы. Әсіресе, қорғансыз, бейкүнә жандарды қасақана өлтірушілерге өлім жазасынан артық жаза жоқ. Қылмыскер де біреудің өмірін қиды ғой, енді неге оған өлімге өліммен жауап бермеске?

Мемлекеттің сотталғандарға жұмсалатын қаражаттары, жағдайлары жайлы айтатын болсақ, Ішкі істер министрі жаңа құжат арқылы түрмеде отырғандардың барлығын жеке камераға ауыстырмақ. Ол үшін құны миллиардтаған теңге болатын ондаған колония салу қажет екен.

ҚР Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов, өз сөзінде түрмеде отырғандарға жұмсалатын шығынды да айтып қалды. Бір сотталушыға айына 57 мың теңге жұмсалады. Министрдің айтуынша, біздің елде әскерилерге қарағанда сотталғандардың жағдайы тәуір. Депутаттардың шамына тигені осы болды.

Ал Мәжіліс депутаты Тұрсынбек Өмірзақов өз сөзінде - неге Үкімет түрмедегі кісілерге соншама ақшаны бөледі? Неге олар тамақтанып олар біздің ақшамызды жейді? Олар өздері ақша тапсын, сөйтіп өмір сүрсін — деген².

Өлім жазасын заң ғылымының докторы, академик Ақырбай Ағыбаевта қолдайды. «Өлім жазасынан қорыққандар қылмыстан бас тартады. Ал, ол жазадан қорықпай, оған барғандар адам кейпін жоғалтқан. Өйткені, жас балаларды ауыр жағдайда өлтіру, бір отбасын тұтас қырып кету. Бұл жұртшылықтың ызасын келтіруде. Сондықтан, Қазақстандағы екі түрлі жағдайда қолданылатын өлім жазасы негізді. Оны алып тастауға болмайды», — деп айтқан³.

Қазақстан Республикасында бір сотталушыға жылына 684000 теңге жұмсалады. Соған қарамастан біздің мемлекетте басқа шешілмей жүрген мәселелер бар. Олар: балаларға балабақша, мектептер жетіспейді, қаншама өте ауыр аурумен ауыратын балаларды емдеу қажет. Ал біз болсақ есі дұрыс екі қол аяғы сау азаматтарды асырап отырмыз.

Бүгінде Қазақстан БҰҰ мүше болып отыр. Соған орай біздің елде 2003 жылы өлім жазасына мараторий енгізілді. Бірақ кейбір БҰҰ кіретін елдерде өлім жазасы бар: АҚШ, Белоруссия, Малайзия, Израил, Сингапур, Япония т. б.

Осы жерде еліміздегі өлім жазасына жарияланған мараторийдің кейбір кемшіліктеріне тоқталып көрейік; олар:

- 1) Қаржылай шығын;
- 2) Жапа шеккендер мемлекетке ашуланып, қарсылық жасай бастайды;
- 3) Қылмыс көбейе береді қатаң жазаны білмеген соң.

Қорытындылай келе мен өз сөзімді М. Әуезовтың нақыл сөзімен байланыстырғым келеді. «Адам баласының жаман мінез-құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, алған үлгі, өнеге білетіндігінен және түзелу, бұзылу жас уақытта болады». Біз елімізде қатаң жаза орнатсақ және оны жастайымыздан миымызға құятын болса қазіргі кезде халық арасында қанды қайғылы оқиғалар, елімізге террорлық, экстремистік қылмыстар болмас еді деп сенемін.

¹ <http://kk.m.wikipedia.kz>

² «Gazeta.kz». 2014. мамыр. 14-6.

³ Ағыбаев А. Н. ҚР Қылмыстық кодексі. — Алматы, 2010. - 151-152 бб.